

Бекбаева Малика Фархатовнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, тәрбиесі мен білім терең болуы керек», - деп келтіреді. Президент Жолдаудың мазмұнында ұрпақ тәрбиесіне, құндылықтарға жан-жақты тоқталып, оның тағылымдық мәніне көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілсе, онда орта білім берудің негізгі мақсаты мен міндеті – жылдам өзгертіп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыларды адамзаттық құндылықтарға, өз Отанын сүйуге тәрбиелеу» туралы айтылған.

Зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың стратегиялық Жолдауларында, «Білім туралы» Заңда, сондай-ақ «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында көрсетілген басым бағыттармен тікелей ұштасады. Бұл зерттеудің мемлекеттік саясаттағы рухани-адамгершілік бағдарларға сәйкес жүргізіліп отырғанын және ұлттық тәрбиенің бастауыш білім беру мазмұнында орнығуына ғылыми негіз болатынын көрсетеді.

Ұсынылған зерттеу жұмысы қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде даярлау мәселесіне арналған. Тақырыптың өзектілігі жаһандану дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени өзгерістермен, ұлттық сана мен рухани жаңғырудың өзара байланысын күшейтумен, білім беру мазмұнын ұлттық негізде жаңғыртудың қажеттілігімен айқындалады. Бүгінгі таңда ұлттық тәрбие беруге байланысты, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға байланысты мемлекет тарапынан біршама жұмыстар жасалуда, алайда оқушыны ұлттық рухани құндылықтарға тәрбиелеу ісінің ең маңызды тұсында болашақ мамандарды даярлау мәселесінің әлі де болса жан-жақты қарастырылып, зерттелмеулерінің орын алуы – диссертанттың зерттеу тақырыбының көкейтестілігін береді.

Диссертант диссертациялық зерттеу жұмысында ұлттық рухани құндылықтар ғылымының философиялық, педагогикалық және психологиялық қырларын жүйелі түрде қарастырып, ежелгі түркі ойшылдарынан бастап Анахарсис, Күлтегін, Қорқыт, әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатов С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Қ.Б.Сейталиев, Ж.Ж.Наурызбаев, С.А.Ұзақбаева, Қ.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, Қ.Оразбекова, Р.Қ.Дүйсенбінова, С.Ғаббасов, Т.Ә.Қоңыратбаева, Ш.М.Майғаранова, Б.Қ.Өтешова, Д.С.Ешмұратова, М.Д. Есекешова, А.С.Мағауова, Н.М.Көшеров, Л.А.Бөлетова, С.Қ.Әбілдина, К.Р.Кажимова, С.З.Нишанбаева, С.Ә. Жүзеев қазіргі ғалымдардың көзқарастарына салыстырмалы талдаулар жасаған. Ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу толық, дәйекті және құрылымды түрде берген. Сонымен қатар шетелдік зерттеулерді енгізу жұмыстың ғылыми көкжиегін кеңейтіп, зерттеу проблемасының жан-жақты сипатын айқындайды. Демек, ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізу – қазіргі білім беру жүйесінің аса маңызды міндеттерінің бірі. Әсіресе, бастауыш мектепте баланың дүниетанымы мен көзқарасы қалыптасатын кезеңде ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, Бекбаева Малика Фархатовнаның диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қозғайды және болашақ мұғалімдерді ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағытталған кәсіби даярлық жүйесін ғылыми тұрғыдан жанаша қарастыруға негіз болған көкейтестілігін анықтап берді.

2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі

Ізденуші М.Ф.Бекбаева диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда қол жеткізген ғылыми нәтижелері:

Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау теориялық негізделген;

Екіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтауы;

Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғандығымен;

Төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибеде тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуі;

Бесіншіден, эксперименттік тәжірибелік жұмыстарын жүргізуде 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының білім алушыларына арналған «Ұлттық құндылықтар тағылымы» атты элективті курстың ЖОО-ның педагогикалық дерісіне енгізуі.

3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы

Диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымдардың дұрыстығы мен ғылымы негіздегі ақиқатқа жақындауын анықтау нәтижелері эксперименттік жұмыстар арқылы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделуі олардың ішкі бірлігін беріп, маңыздылығын анықтап берген. Диссертациялық жұмыстың жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпы орта білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

4. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық әдіснамалық негіздері айқындалды;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды;

- бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының білім алушыларына ұлттық педагогика құралдары арқылы құндылықтар жайындағы тәлімдік білімдерді жетілдіру мен толықтыру бағытында «Ұлттық құндылықтар тағылымы» арнайы курсына оқу-тәрбие үдерісіне енгізуімен негізделеді.

5. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына катысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған ғылыми жұмыс. Ғылыми мазмұндылығы мен техникалық талаптарды толық сақтаған.

6. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі

М.Ф. Бекбаеваның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын зерттеудің көкейтестілігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін айтқандаумен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтаумен және де бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынып, зерттеудегі басты идеяның берік болуын тәжірибелік жолмен негіздеп беруінде.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 10 ғылыми жұмыс жарық көрді. Оның 3-еуі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің

Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Scopus халықаралық ғылыми журналдар басылымында, 5 мақала халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында және 1 оқу-әдістемелік құрал жарияланды. Білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымдары арасында баяндалып, тәжірибе жұмысының нәтижелері оқу-тәрбие үрдісіне енгізілді.

7.Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс

Бекбаева Малика Фархатовнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толық аяқталған, диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп қорытынды бағамды беремін. Бекбаева Малика Фархатовнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Педагогика және психология факультетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының
докторы



ҚТ. Ыбыраимжанов